



### SCHOOLBOY RUNAWAY НЕНІ ДӘРІПТЕЙДІ?

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



### ОТАН – ШАҢЫРАҚ, ӘСКЕР – УЫҚ

10-БЕТ | АЙБЫН



### «МОАНА 2» ҚАЗАҚША СӨЙЛЕДІ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Тіл – мәдени өркендеудің басты факторы. Тіл жоқ жерде халық, біріншіден, ұлттық бет-бейнесінен айырылып қалады, екіншіден, рухани, мәдени тозғындауға ұшырайды. Тілсіз, сөзсіз ақыл мен ойды қозғай алмайсың. Ал ой-санасыз сөз жоқ. Яғни сөйлей білмесе, адамның хайуаннан айырмасы аз.

Телжан ШОНАНҰЛЫ

”

№143  
(4731)  
Сенбі  
30 қараша  
2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## КОНСТИТУЦИЯ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТЫЛАДЫ

Елімізде ашылып жатқан шетел жоғары оқу орындарының филиалында қазақ тілі мен Қазақстан тарихынан бөлек, Конституция және құқық негіздері қазақ тілінде өтеді. Бұл жөнінде Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек мәлім етті.

«Мемлекеттік стандартқа сәйкес, елімізде ашылған кез келген шетелдік жоғары оқу орнының филиалында қазақ тілі, Қазақстан тарихы пәндері болады. Бұл – мемлекеттік стандарттың талабы. Жалпы оқу мазмұны шет тілінде, ең мықты стандарттармен оқытылады, бірақ тіл, тарих, Конституция, құқық негіздері міндетті түрде қазақ тілінде сақталады» деді Саясат Нұрбек агенттік тілшісінің сауалына жауап бере тұрып.

## КӨЛІКТІҢ КІЛТИПАНЫ ЖОҚ ПА?

eGov mobile пайдаланушылары смартфоннан автокөлік тарихын тексере алады.

Бұрын автокөлік тарихын тексеру қызметі электрондық үкімет порталында ғана қолжетімді болды. Енді eGov mobile қосымшасының пайдаланушылары көлік құралының иелену тарихы туралы ақпаратты смартфоннан бірнеше қадам арқылы тікелей ала алады. Бұл ақпарат алу процесін айтарлықтай жылдамдатып, автокөлік сатып алу кезінде тәуекелдерді азайтуға көмектеседі. Қызметті пайдалану үшін қосымшадағы «Қызметтер» – «Жүргізу және көлік» – «Автокөлікті иелену тарихы» бөліміне өтіп, автокөліктің мемлекеттік нөмірі мен техникалық паспорт нөмірін енгізу жеткілікті. Осыдан кейін пайдаланушыға көліктің толық мәліметтері, соның ішінде маркасы, шығарылған жылы, қозғалтқышының көлемі, шанақтың түсі және қосымша жабдықтардың болуы ұсынылады.




## ЕЛОРДАНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК ӘЛЕУЕТІ

Астана қаласының индустриялық аумағында жеңіл және құрылыс өнеркәсібі, металлургия, автомобиль және теміржол машинасын жасау салалары бойынша бірқатар кәсіпорын жұмыс істейді. Үкімет басшысы Олжас Бектенов елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жатқан өндіріс орындарының жұмыс барысымен танысты.

## ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ

Астана қаласының Байқоңыр ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінімдер қабылдау жалғасып жатыр. Жобаның мақсаты – тұрғындардың бастамасы мен ұсынысы бойынша ауданды абаттандыру.

Қала тұрғындары өз ұсынысын Байқоңыр ауданының көмеделетке толған барлық тұрғыны жібере алады. Егер сіздің жобалық ұсынысыңызды дауыс беру процесінде басқа тұрғындар қолдаса, ол қалалық бюджет қаражаты есебінен іске асыруға ұсынылады. Ұсыныстарды Байқоңыр ауданы әкімдігінің baikonur-astana.kz ресми интернет-ресурсына («Халық қатысатын бюджет-2025» бөліміне) жіберуге болады. Жобалық ұсыныстарды іске асыру барысы, сондай-ақ оларды іске асыру қорытындылары туралы ақпарат әкімдіктің интернет-ресурсында жарияланады. Тұрғындардың ұсыныстары 2025 жылдың 1 наурызына дейін қабылданады.



## АСТАНАЛЫҚ ОҚУШЫ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

№91 мектеп-гимназияның 5-сынып оқушысы Аланна Берікқызы шахматтан екі дүркін әлем чемпионы атанды.

Италияда өткен U8-U12 санатындағы әлем біріншілігінде астаналық оқушы барлық қарсыласынан басым түсіп, екінші рет әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Аланна Берікқызы 2023 жылы Грекияда өткен U9 санатындағы әлем чемпионатында да жеңімпаз атанған еді.





# ЖАҢА ЖАРҚЫН КЕЗЕҢІ

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының орынбасары Дмитрий Патрушев, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Үкіметі аппаратының жетекшісі Ғалымжан Қойшыбаев сөз сөйледі.

## ОМБЫДАҒЫ ФИЛИАЛЫН АШТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің базасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филиалын ресми түрде ашу рәсіміне бейнебаян арқылы қатысты. Салтанатты іс-шараға Қазақстанның Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Ресейдің Жоғары білім және ғылым министрінің орынбасары Константин Могилевский қатысып, екі ел арасындағы ғылым және жоғары білім саласындағы ынтымақтастық жөнінде баяндама жасады.

Бұдан соң мемлекеттер басшылары университет филиалын ашуға рұқсат берді. Сондай-ақ жиынға ҚазҰУ басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев пен ОмМУ ректоры Сергей Замятин қатысты. Ресейде тұңғыш рет ашылған қазақстандық жоғары оқу орнының филиалына талапкерлерді қабылдау 2025 жылдың қыркүйек айына жоспарланған. Қазақстан мен Ресей үкіметтері студенттерді оқыту үшін арнайы 200 грант бөлді. ҚазҰУ-дің Омбыдағы филиалы «Халықаралық құқық», «Қазақ филологиясы» және «Кеден ісі» сияқты білім беру бағдарламалары бойынша бакалаврлар мен магистрлерді даярлайды. Болашақта қос дипломды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылмақ.

Филиалдағы оқу үдерісін ұлттық университеттің оқытушы-профессор құрамы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізеді. Алдағы уақытта шетелдік ғалымдарды тарту көзделіп отыр. Қазіргі уақытта филиалда оқу-әдістемелік қызметке арналған 10 кабинет жасақталған. Атап айтқанда, студенттер Шоқан Уәлиханов атындағы кеден ісі, Абай атындағы қазақ тілі және Нәзір Төреқұлов атындағы халықаралық құқық кабинеттерінде дәріс тыңдайды. Бұдан бөлек, басшылық пен профессор-оқытушылар құрамы үшін 5 кабинет, 7 оқу аудиториясы және коворкинг орталығы қарастырылған.

## ІСКЕРЛІК СИПАТЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне бірлескен мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысы Ресей Президенті Владимир Путиннің мемлекеттік сапарын екі ел қарым-қатынасының дамуындағы маңызды кезеңге жол ашатын тарихи оқиға деп атады.

«Ресей – Қазақстанның стратегиялық серіктесі әрі сенімді одақтасы. Бізді мызғымас достық байланыстар, ғасырларға ұласқан тату көршілік қатынас және ортақ тарих біріктіреді. Мемлекеттеріміз осынау мәңгілік құндылықтарға арқа сүйей отырып, келешекті көздеген мазмұнды ықпалдастықты жолға қойды. Бүгінде Қазақстан мен Ресейдің ынтымақтастығы барлық саланы қамтып,



бұрын-соңды болмаған жаңа деңгейге көтерілді. Саяси диалог нығайып, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстар жаңадан түсті. Бүгінгі шағын және кеңейтілген құрамда өткен кездесулер мен келіссөздер ашық, іскерлік сипатымен ерекшеленді әрі шын мәнінде нәтижелі болды» деді Мемлекет басшысы.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен егжей-тегжейлі келіссөздер барысында екіжақты күн тәртібіндегі өзекті мәселелер кеңінен талқыланып, Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық серіктестігінің перспективті бағыттары белгіленгенін жеткізді.

«Күрделі геосаяси ахуалға қарамастан, екіжақты қарым-қатынасымыз қарқынды дамып келеді деген ортақ ұйғарым жасадық. Келіссөздер барысында экономика мәселесіне баса мән берілді. Стратегиялық салалардағы ынтымақтастықты тереңдету және өзара тауар айналымын одан әрі арттыру негізгі міндет ретінде айқындалды. Осы мақсатта бірқатар үкіметаралық құжат қабылданды. Олардың қатарында 2021-2025 жылдарға арналған Кешенді экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы, 2024-2026 жылдарға арналған Бірлескен іс-қимыл жоспары бар. Сонымен қатар Өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында екі елдің аймақтары арасындағы және шекара маңындағы ынтымақтастығы жөнінде жаңартылған үкіметаралық бағдарламаға қол қойылды» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Ресей – Қазақстанның ең басты сауда серіктестерінің бірі және экономикамызға қаржы құйған үш жетекші инвестордың қатарына кіреді. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қатынастар тарихында Қазақстан да тұңғыш рет Ресейдің бес ірі сауда серіктесінің санатына қосылғанын мәлімдеді. Бұл екі елдің ынтымақтастық әлеуеті жоғары әрі берік екенін аңғартады.

«Осы оң динамика сақталса, бір-екі жылда өзара сауда-саттық 30 миллиардтық межеге жететініне сенімдімін. Қазақстан экономикасына Ресейден келген тікелей инвестиция көлемі 24 миллиард доллардан асты. Соңғы екі жылдың өзінде 4,5 миллиард доллардан астам қаржы құйылды. Қазақстан да Ресей эконо-

микасына қомақты қаржы салды. Бүгінде оның көлемі 8,5 миллиард долларға жетті. Бұдан бөлек, Қазақстанда ресейліктердің қатысы бар 24 мыңға жуық компания жұмыс істейді. Бұл – еліміздегі шетел капиталының үлесі бар жалпы кәсіпорын санының жартысына жуығы. Аталған көрсеткіштер стратегиялық қатынастарды одан әрі нығайтуға қос тарап та аса мүдделі және бір-біріне сенімі жоғары екенін растайды» деді Қазақстан Президенті.

## ӨҢІРАРАЛЫҚ ФОРУМНЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Президент экономикалық күн тәртібінде Қазақстан мен Ресейдің Өңіраралық ынтымақтастық форумы айрықша орынға ие екеніне ерекше тоқталды. Бұл орайда Мемлекет басшысы алдағы уақытта Ақтауда Ресей Федерациясының Бас консулдығын ашудың маңызы зор екенін атап өтті. Мемлекеттер басшылары ғылыми және мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастыққа үлкен мән береді. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев келесі көктемде Астанада «Қазақстан мен Ресейдің мәңгілік достығы» аллеясын ашу жөнінде шешім қабылдағанын айтты. Бұл қала тұрғындары мен қонақтары сөйіл құратын көрікті орынға айналады. Сондай-ақ ол Астанада қыркүйек айында өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына белсенді қатысқаны үшін Ресей тарапына ризашылығын білдірді. Қазақстан Президенті 2026 жылы елімізде спорттың дәстүрлі түрлері мен киберспортты ұштастыратын Үшінші «Болашақ ойындары» ұйымдастыратынын мәлімдеді. Бұл бірегей сайыстың әуелгі бастамашысы – Ресей.

Мемлекет басшысы білім беру саласындағы ынтымақтастық мәселесіне айрықша тоқталды. Бүгінде Ресейде 60 мыңнан астам қазақстандық студент оқиды. Бұл ресейлік білім беру стандарттарына сұраныстың көптігін, екі елдің жан-жақты білім және тәжірибе алмасуға мүдделі екенін көрсетеді.

«Бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес Қазақстанда Ресейдің жетекші техникалық білім беру мекемелерінің 7 филиалы ашылды. Көп ұзамай Астанада Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының филиалы есігін ай-

қара ашады. Ал бүгін Омбы қаласында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалы өз жұмысын бастады. Бұл – қазақстандық жоғары оқу орнының Ресейдегі алғашқы өкілдігі. Сонымен қатар Ресейдің шекара маңы аймақтарында қазақ мектептерін салу, сәйкесінше Қазақстан аумағында (дәлірек айтсақ Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында) ресейлік мектептерді ашу мәселесі қарастырылып жатыр. Бұл екі елдің білім беру саласындағы байланыстарын нығайтып, өскелең ұрпақ үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы орыс тілі қос халықтың ынтымағын жарастыратын маңызды фактор екенін атап өтті.

«Еліміздегі мектеп оқушыларының үштен бірі орыс тілінде білім алады. Біз бұл мәселеге ерекше маңыз береміз. Халықаралық орыс тілі ұйымын құруды дәл осы себепті ұсындым. Келіссөздерде көтерілген тағы бір маңызды тақырып – екі елдің аумағында өмір сүріп жатқан қандастарымызды қолдау. Бұл ретте «Отандастар» қоры мен «Россотрудничество» арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қоюдың маңызы зор болар еді. Мұндай уағдаластықтар халықтарымыздың өзара түсіністігін тереңдетуде ерекше рөл атқарады, жұртшылық арасында кеңінен қолдау табады» деді Мемлекет басшысы.

## ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ҚАЛЫПТАСҚАН

Президенттер екі елдің көпжақты форматтағы ықпалдастығын егжей-тегжейлі талқылап, өңірлік және жаһандық саясаттың анағұрлым өзекті мәселелері жөнінде пікір алмақсан.

«ТМД, ЕАЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ, АӨСШК және басқа да маңызды өңірлік бірлестіктер аясындағы ынтымақтастық мәселесінде өзара түсіністік қалыптасқанын атап өткім келеді. Елдеріміз ықпалдастық орнатпаған бағыт жоқ деуге болады. Ең бастысы, Қазақстан мен Ресей арасында ешқандай түйткілді мәселе жоқ. Біз әрдайым екі мемлекеттің мүддесін барынша ескеретін байыпты шешім қабылдаймыз. Орайлы сөзті пайдалана отырып, халықтарымыздың достық қатынастарын нығайтуға ұдайы назар аударғаны үшін құрметті Ресей Президентіне алғыс айтамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тараптарды келесі жылы бірлесіп атқаратын көптеген жұмыс күтіп тұрғанын, 2025 жыл мол мүмкіндікке бастау болатынын айтты.

«Біршама ортақ жобаны жүзеге асыру міндеті тұр. Мұның пайдасын азаматтарымыз да, екі елдің кәсіпкерлері де сезінетініне сенімдімін. Келесі жылы қаңтар айында маңызды мемлекетаралық құжаттардың бірі – Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қойылғанына 20 жыл толады. 2025 жылы басқа да мерейтойлар бар: Ұлы Жеңістің 80 жылдығы және «Байқоңыр» ғарыш айлағының 70 жылдығы. Осы айтулы даталарға орай екі елде мерекелік іс-шаралар өткізуге келістік. Көріп отырғандарыңыздай, екіжақты күн тәртібі нақты бастамалармен және жаңа мазмұнды жобалармен ұдайы толығып отыр» деді Қазақстан Президенті.


Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, бүгінгі іс-шаралардың оң нәтижесі екі елдің одақтастық қарым-қатынасын мүлдем жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

## БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ ҚАБЫЛДАДЫ

Өз кезегінде Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа арнайы шақырғаны және қазақ жерінде көрсеткен сый-құрметі үшін алғыс айтып, сапарының қорытындысына оң баға берді.

«Біз саяси, экономикалық, гуманитарлық салалардағы екіжақты ықпалдастықты егжей-тегжейлі талқыладық. Халықаралық және өңірлік өзекті мәселелер бойынша пікір алмастық. Жаңа ғана қабылданған Бірлескен мәлімдемеде екі елдің стратегиялық серіктестігін тереңдетуге қатысты асқақ міндеттер қойдық. Олардың жүзеге асуына үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейде қол қойылған, энергетика, көлік, денсаулық сақтау, әділет сияқты түрлі бағыттарды қамтитын құжаттар да септігін тигізеді» деді Ресей Президенті.

Владимир Путиннің айтуынша, сапар барысында жүргізілген келіссөздер Ресей мен Қазақстанның көпжақты ынтымақтастығын одан әрі дамытуға нақты ықпал етеді. Келіссөздер қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин Жаңа жаһандық тәртіп жағдайында стратегиялық әріптестікті тереңдету туралы бірлескен мәлімдеме қабылдады. Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путин жылы қонақжайлылығы үшін ризашылығын білдіріп, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевты 2025 жылы Ресей Федерациясына мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев шақыруды ризашылықпен қабылдады. Сапар мерзімі қосымша келісілетін болады.



№143 (4731) 30/11/2024 Сенбі

Мемлекет басшысы сессия жұмысын ашып, жиын қатысушыларына ризашылығын білдірді.

«Бүгінде ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін тиімді әрі қажетті халықаралық құрылымға айналды. Ұйымның даму жылдарында мүше мемлекеттер көптеген мәселе бойынша өзара ықпалдастық жасап, мол тәжірибе жинады. Ауқымды нормативтік-құқықтық база қалыптасты. Қазіргі сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы күрес тетіктері жолға қойылды. Ұжымдық қауіпсіздік күштері мен құралдары жасақталып, қалыпты қызмет етіп жатыр. Белді халықаралық және өңірлік ұйымдармен конструктивті ынтымақтастық орнатылды» деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев шағын құрамда өткен отырыста мемлекеттер басшылары халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасқанын айтты. Сондай-ақ Қазақстанның төрағалығы аясында ҰҚШҰ-ның биылғы қызметі қорытындыланғанын жеткізді.

«Кездесу қорытындысы ұжымдық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерге қарсы жұмыла әрекет етуге дайын екенімізді тағы да растады. Пікірталас барысында халықаралық күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұстанымдарымызды жеткіздік. Біздің қазіргі жағдайға ортақ бағамыз және ҰҚШҰ-ның одан әрі дамуына көзқарасымыз Қазақстанның бастамасымен әзірленген Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясында көрініс тапты. Ұлы Жеңістің 80 жылдығын мерекелеуге ерекше мән берілді. Ардагерлердің майдандағы және тылдағы ерлігі есімде мәңгі сақталады. Оларды әрдайым мақтан тұтамыз, құрметтейміз. Айтулы мереке қарсаңында ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мәлімдемесін қабылдау, сондай-ақ Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай мерекелік іс-шаралар жоспарын



## ҚАУІП-ҚАТЕРГЕ ҚАРСЫ – ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Астанада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ұжымдық қауіпсіздік шарты туралы ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы өтті. Саммитке Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон келді. Сонымен қатар сессия жұмысына Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бас хатшысы Сергей Лебедев пен Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Мин қатысты.

бекіту маңызды деп санаймыз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалығы аясында ұйым жарғысына сай ынтымақтастық бағыттары бойынша 60-қа жуық іс-шара ұйымдастырылған. Халықаралық аренада келісілген ұстанымдарды ілгерілету бойынша серіктестермен бірлесе жұмыс жүргізілді.

«Биыл қабылданған саяси құжаттар легіне ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің жалпы бағалауы негіз болды. Олардың ішінде

халықаралық ақпараттық қауіпсіздік, ғарыш саласындағы ынтымақтастық мәселелері мен Таяу Шығыстағы ахуалға байланысты, сондай-ақ Белоруссияны басқыншылардан азат етудің 80 жылдығына орай қабылданған мәлімдемелер бар. Жыл бойы ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарының әскери дайындығына мұқият назар аударылды. Бүгін біз ҰҚШҰ күштері мен құралдары мәртебесіне және әскери контингентті тасымалдауға қатысты халықаралық келісімдердің екі хаттамасына

қол қоямыз. ҰҚШҰ-ға мүше елдердің бітімгерлік күштерінің дайындық деңгейі мен жауынгерлік машығын жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қыр-күйек-қазан айларында елімізде «Мызғымас бауырластық-2024» ҰҚШҰ Бітімгершілік күштерінің командалық-штабтық оқу-жаттығулары мен «Жартас-2024» ҰҚШҰ арнайы оқу жыны өтті. Аса қауіпті нысандардағы күрделі апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізудің бірлескен іс-қимылы пысықталды» деді Қазақстан Президенті.

Президент жыл бойы өзекті сын-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселесіне ерекше ден қойылғанын айтты.

«Қазақстан мен ҰҚШҰ-ға мүше басқа да елдер аумағында бір уақытта «Наемник», «Канал», «Негелал» және «ПРОКСИ» секілді арнайы операциялардың түрлі кезеңдері өтті. Бұл іс-шаралар халықаралық терроризмге, есірткі саудасына, заңсыз көші-қонға және ақпараттық ортадағы сын-қатерлерге қатысты қауіпті алдын алуды көздейді. Биыл біздің бастамамызбен алғаш рет заңсыз қару-жарақ, оқ-дәрі айналымына және ұйымдасқан трансұлттық қылмысқа қарсы іс-қимыл жөнінде консультациялар өтті. ҰҚШҰ аясында арнаулы жұмыс тобын құру мәселесі пысықталып жатыр. Қазақстан төрағалығының үйлестіруімен тәжік-ауған шекарасын нығайту жөніндегі ҰҚШҰ-ның мақсатты

мемлекетаралық бағдарламасын дайындау жұмыстары аяқталды. Құжатты әзірлеу 2013 жылы басталған болатын. Бүгін біз ұйымның оңтүстік шебіндегі қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған осы маңызды шешімге қол қоямыз» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ҰҚШҰ төрағасы ретінде Қазақстан айқындалған басымдықтар жүйелі әрі қарқынды түрде жүзеге асырылып келеді. Серіктестердің қолдауына сүйене отырып, ҰҚШҰ аясында аталған бастамаларды одан әрі ілгерілету ісі белсенді жалғасады. Мемлекет басшысы ұйымның Бас хатшысына, ҰҚШҰ-ның Тұрақты кеңесі мен жұмыс органдарына атқарылған ауқымды жұмыс үшін ризашылығын жеткізді. ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кеңейтілген құрамдағы сессиясы барысында Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров пен ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетов сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровты 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҰҚШҰ-ға төрағалықтың Қырғыз Республикасына өтуі туралы шешімнің қабылдануымен құттықтап, қырғыз тарапының жауапты міндетті табысты атқаруына тілектестік білдірді.

Жиын қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясын қабылдап, бірқатар құжатқа қол қойды. Тәжік-ауған шекарасын нығайту жөніндегі ҰҚШҰ-ның мақсатты мемлекетаралық бағдарламасы бекітілді. Сонымен қатар президенттер Ұлы Жеңістің 80 жылдығына байланысты мәлімдеме қабылдап, келесі жылы осы айтулы датаға орай ұйымдастырылатын мерекелік іс-шаралардың жоспарын бекітті. Астанада қабылданған құжаттар ұйым мен ұйымның қауіпсіздік жүйесін барлық мүше мемлекеттердің мүддесіне сай кешенді түрде дамытуға бағытталған.

## ЕЛОРДАНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК ӘЛЕУЕТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекпен бірге елорда кәсіпорындарындағы металлургия, жеңіл және құрылыс өнеркәсібі, автомобиль және теміржол машинасын жасау салаларының дамуымен танысты. Президенттің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында айтылған экономиканы әртарапандыру және басым салалардағы инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі тапсырмаларының орындалуы тексерілді.

Индустриялық парк аумағында Премьер-министрге Астананың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы баяндалды. Қала әкімінің орынбасары Евгений Готов бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Астананың ЖӨӨ көлемі 5,5 трлн теңгеге жетіп, өткен жылғы көрсеткіштен 7 пайызға асып түскенін хабарлады. Жалпы өндірілгі өнім құрылымында шағын және орта бизнестің үлесі 72 пайызды құрайды. Биылғы 10 айда Астанаға шамамен 1,3 трлн теңге инвестиция тартылды, бұл ретте өнеркәсіптік өндіріс көлемі 2023 жылмен салыстырғанда шамамен 7 пайызға өсті.

Премьер-министр 7,5 метр шаршы метр аумақта орналасқан «Digital System Service» ЖШС зауытының өндірістік цехтарын аралап көрді. Телекоммуникация жабдықтарын, оның ішінде модемдерді, коммутаторларды, бағдарлауыштарды, телефон аппараттары мен үйде, кеңседе және өнеркәсіптік пайдалануға арналған стансаларды шығару жолға қойылған. Зауытта бағдарламалық жасақтаманы әзірлеуден бастап дайын өнімді

жинауға және орауға дейін өндірістің толық циклі жүзеге асырылады. Премьер-министрге жаңғыртудан кейін кәсіпорының қуаты жылына 720 мың бірлікке дейін өскені, оның көлемін 805 мың құрылымға дейін ұлғайту мүмкіндігі туралы баяндалды. 2005 жылы ашылған сәттен бастап зауытты дамытуға салынған инвестициялардың жалпы сомасы шамамен \$4,5 млн-ды құрады. Бүгінгі таңда өндіріс 100 қызметкерді тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

Олжас Бектенов импортқа тәуелділікті азайту және жоғары технологиялық өнімнің экспорттың ұлғайту мақсатында жағдай жасау үшін мұндай өндірістердің маңызын атап өтті. Қазіргі уақытта Digital System Service тауарлар желісі Қазақстан нарығында кеңінен ұсынылған. Компанияның даму жоспарында шетелдік нарыққа шығу қарастырылған, оның ішінде Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Ресей, Араб елдері бар.

Америкалық Wabtec компаниясының инвестициялық жобасы арқылы Олжас Бектенов

теміржол машинасын жасау саласының дамуымен танысты. «Локомотив құрастыру зауыты» магистралдық тепловоздарды құрастыру кәсіпорны жылына 120 бірлікке дейін шығарады. Өндіріс басталғаннан бері барлығы 611 локомотив жиналды. Компания президенті Марат Тілеубаев Премьер-министрге зауытта барлық негізгі құрастыру тораптары игерілгенін, локализация деңгейі бүгінде 75 пайызға жеткенін баяндады. Жобаға салынған инвестициялардың жалпы сомасы – 30 млрд теңге. Кәсіпорында 742 жұмыс орны ашылды.

Премьер-министр темір жол машинасын жасауды дамытуға, жаңа өндірістік және сервистік объектілерді құруға инвестициялар өсуінің оң үрдістерін атап өтті. Мұндай жобаларды іске асыру Мемлекет басшысының алға қойған міндетіне сәйкес Қазақстанның көлік-логистикалық хаб ретінде өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Ресей, Араб елдері мен 50 тонна күміске жетеді. «Тау-Кен Алтын» ЖШС



Жобаның құны 1,4 млрд теңгені құрайды, 60 жұмыс орны ашылды.

Сондай-ақ жұмыс сапары барысында Олжас Бектенов «Тау-Кен Алтын» ЖШС аффинаж зауытында болды. Кәсіпорын жоғары сапаны қамтамасыз ете отырып, алтын мен басқа да бағалы металдарды қоспа-лардан тазартумен айналысады. Зауыт ТМД-да теңдесі жоқ озық аффинаж технологиялары бойынша жұмыс істейді, бұл әлемдік стандарттарға сәйкес келетін өнімдерді шығаруға мүмкіндік береді. Кәсіпорын іске қосылған сәттен бастап барлығы 336,7 тонна тазартылған алтын және 64,2 тонна күміс өндірілді, жылдық қуаты 25 тонна алтын мен 50 тонна күміске жетеді. «Тау-Кен Алтын» ЖШС

директоры Айнұр Айдарханов зауыт энергия тұтыну, су мен жылу шығынын азайта отырып, ESG-қағидаттарын белсенді енгізгенін, сондай-ақ катализаторлар мен қалдықтарды қайта өңдеуді дәмәттып жатқанын айтты. Бұл шикізат базасын кеңейтуге әрі нарықтағы ұстанымды нығайтуға мүмкіндік береді. Премьер-министр зауыттың қызметі Қазақстанның бағалы металдардың әлемдік нарығындағы ұстанымын нығайтуға ықпал ететініне тоқталды. Жалпы мұндай өндірістік жобалар ел экономикасын әртарапандыру жөніндегі стратегияны іске асыруда шешуші рөл атқарады. «Мемлекет басшысы еліміздің өнеркәсіптік әлеуетін толық ашу міндетін қойды. Бізде бұл үшін барлық мүмкіндіктер мен

қажетті құралдар бар. Қолайлы жағдайлары бар осындай индустриялық парктер өнеркәсіп секторының дамуына ықпал етеді. Бүгінгі таңда Қазақстанда әртүрлі салалық бағыттағы 14 арнайы экономикалық аймақ және 20-дан астам индустриялық аймақ жұмыс істейді. Біз бұл тәжірибені жалғастырамыз әрі кеңейтеміз. Біздің міндетіміз – жоғары деңгейде қайта өңдеуді дамыту, отандық шикізатты тиімді пайдалану және қайта өңдеу, сондай-ақ ірі кәсіпорындардың айналасында сабақтас өндірістерді қалыптастыру. Импортқа тәуелділікті төмендетіп қана қоймай, қосылған құны айтарлықтай жоғары өнімдердің экспортты арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер жасау маңызды» деп атап өтті Олжас Бектенов.

## ЖАСТАРҒА КЕРЕК КЕҢЕС

Бас қалада «Тәртіпті өзіңнен баста!» тақырыбында кеңес беру іс-шарасы өтті. Аталған іс-шараны «Азаматтық сектор мен жергілікті атқарушы органдар арасында сенімді диалогты қалыптастыру» жобасы аясында Астана қаласы әкімдігі мен «Серпін» әлеуметтік даму ұлттық қоры ұйымдастырды.

Жиынға Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Жарқынбек Амантайұлы, Республикалық әкелер одағы Астана қаласы филиалы төрағасының орынбасары Марат Көшкінбаев, экономика саласындағы халықаралық сарапшы Ерғали Мұқанұлы, Оқу-ағарту министрлігі «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының бас ғылыми қызметкері, философия докторы Арыстан Сатанов, «Тұран-Астана» университетінің ректоры Гүлжамал Жапарова, «Ұлттық

құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әділхан Дүйсебек, сондай-ақ студенттер қатысты.

«Басты мақсат – білік пен қоғамның белсенді азаматтарын біріктіру, жастар арасындағы мәселелер бойынша ой бөлісу. Жақында өткен осындай бір кездесуде студенттер онлайн-несие, алаяқтық, нашақорлық тақырыптарын көтерді. Кейін біз бұларды жан-жақты зерттеп, шешу жолдарын қарастырамыз. Бұл іс-шара тақырыбы «Тәртіпті өзіңнен баста!» деп аталады. Әр

адам тәртіпті өзінен бастауы керек» деді Мұрат Әбенов.

Диалогтық алаңда заң мен тәртіпті қоғамдық ортада дәріптеу, жастардың құқықтық сауаттылығын, жауапкершілігі мен азаматтық белсенділігін арттыру, зиянды әрекеттер мен зорлық-зомбылықтың алдын алу жолдары талқыланды. Отырыс барысында сала мамандары «Жастардың әлеуметтік мәселелері және оларды шешудің құқықтық-нормативтік негіздері» тақырыбында студенттерге кәсіби құқықтық кеңесін берді.



## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы мәслихатының салалық комиссиясы отырысында алдағы 4 жылға арналған елорданың экологиялық сапасының нысаналы көрсеткіштері талқыланды.

«Талқылау барысында 2020 жылдан бері мәслихат шешімімен бекітіліп, қолданыстағы тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) шығару тарифі мәселесі қозғалды. Биыл бір тұрғынға шаққандағы қалдықтардың түзілу және жиналу нормалары қайта есептелді, бұл көрсеткіш 12 жыл бойы қайта қаралмаған еді. Бұрын бұл норма 2,16 м³/жыл болса, қазір ол 3,13 м³/жылға дейін өсті.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасына нақты негізде-мелермен талдау дайындауды тапсырдым. Талдау материалдарында келесі аспектілер қамтылуы тиіс: көлік құралдарының жағдайы мен техникалық жарақтылығы; қоқыс полигонының жұмысы; мемлекеттік органдар, жеке компаниялар және азаматтар арасындағы

міндеттердің функционалдық бөлінісі; қалдықтарды бөлек жинау бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру; қалдықтарды басқару саласын цифрландыру. Барлық ұсыныстардың экологиялық жағдайды жақсарту мақсаттарымен өзара байланысын нақты негіздеумен көрсету қажеттілігіне ерекше назар аудардым» деп жазды Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Сондай-ақ салалық комиссия отырысында Сарыарқа ауданының абағандыру және даму мәселелері бойынша негізгі сұрақтар талқыланды. Биыл 255 аула аумағында, сондай-ақ «Көктал» саябағында және оған іргелес орналасқан скверлерде жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізілді. Ауданның көше желісінің жалпы ұзындығы – 314 шақырым. Оның 268 көшесінде (284 км,

93%) асфальт жабыны бар, ал 47 көшесінде (18 км, 7%) асфальт төселмеген.

«Аудандағы жедел шешуді қажет ететін келесі мәселелерді атап өттім: су құбырлары желілерінің қанағаттанарлықсыз жағдайы; кәріз жүйесінің тозуы; электр беру желілерінің ескіруі; кабельдік желілердің жұмысына қатысты ақаулар; қоқыс шығаруды, оның ішінде құрылыс қалдықтарын шығару жүйесін оңтайландыру қажеттілігі; контейнерлік алаңдарды жаңғырту; ауданның сәндік жарықтандыруы үшін бірыңғай формат пен жарық тұс гаммасын әзірлеу. Барлық аталған мәселелерді жан-жақты зерделеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларына енгізу қажет» деп жазды әлеуметтік желдегі парақшасында Астана қаласы мәслихатының төрағасы.



## БҰРЫМДЫЛАР БАЙҚАУЫ

Елордада «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Шашбаулым» атты танымдық-этнографиялық сайыс өтті. Екінші жыл қатарынан өтіп жатқан сайыста жоғары оқу орындары мен колледждерде оқитын 16 ару бақ сынасты.

### Индира БЕРЖАНОВА

Ұлттық дәстүрді ұлықтау мақсатын арқау еткен бұрымды қыздардың «Шашбаулым» байқауын өткізуге Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы және «Руханият» КММ қолдау білдірді. Биылғы сайыстың ерекшелігі – жоғары оқу орындары студенттерінің де қатысуы.

«Ұлттық құндылықтарымыз құнсызданып, рухани құндыраған қоғамға аса қажет, тәрбиелік мәні зор бұл іс-шараның маңызы орасан. Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық секілді жан-жақты ұлттық қасиеттерді дәріптеу, қыздардың зияткерлік және шығармашылық қабілетін анықтау, ұзын шашты бойжеткендердің бұрымын насихаттауға бағытталды. Сондай-ақ қыздарды

мәдени-этикалық, рухани-танымдық құндылыққа тәрбиелеу, қазақ халқының әдет-ғұрпы арқылы қыз бала тәрбиесіне тән қасиеттерді бойына сіңіру, ұлттымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, ұлттық киімді заманға сай жаңғырту, жастар арасында насихаттау, ұлттымыздың ұызын, нәрін, сөнін бойжеткендеріміздің бойына сіңіру – сайыстың басты идеясы» деді «Қара шаңырақ» қоғамдық бірлестігінің директоры Тұрар Шәкен.

Қатысушылар үш кезең бойынша бақ сынасты. Алдымен «Мен қазақтың қызымын» кезеңінде қыздар өздерін таныстырып, «Өнерлі болсаң, озып көр» атты екінші бөлімде халық билерін, вокалдық нөмірлерді және өзге де қойылымдарды көрсетіп, көпшілікке өз өнерін паш етті. Соңғы бөлім «Ұлттық құндылығым – рухани қазынам» деп аталып, қатысушыларға ұлттық құндылыққа қатысты

зияткерлік сұрақтар қойылды.

Байқау нәтижесі бойынша бас жүлде Сервис және туризм колледжінің студенті Наргиз Маликоваға бұйырды. Оған белгілі зергер Берік Әлібайдың қолынан шыққан ұлттық туынды, бағалы бұйым – күміс шашбау табысталды. Ал 1-орынды Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің студенті Әдемі-ай Ислам иеленіп, оған зергердің туындысы – тұмарша берілді. 2-орынды С.Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенті Аружан Әбілмансұрова алып, оған күміс жиынтық сыйға тартылды. 3-орынды Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттері Әсия Абдоллаева мен Айша Жанділдаева өзара бөлісіп, олар күміс сырға иеленді. Өзге арулар бірқатар номинация бойынша ерекшеленіп, құтұмсық жүзік пен қазақы нақыштағы «Қазақша сөйлейік» экодорбалары табысталды.



### АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

**2024 жылғы 11 желтоқсан сағат 10:00-де** Астана қаласы мәслихаты сегізінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

#### СЕССИЯНЫҢ ҚАРАУЫНА КЕЛЕСІ МӘСЕЛЕЛЕР ЕНГІЗІЛЕДІ:

1. Жастар саясатын жетілдіру, жастарды түрлі орталықтардың, бірлестіктердің, қоғамдастықтар мен қорлардың қызметіне белсенді тарту арқылы іске асырылатын жастар бағдарламаларының тиімділігін арттыру туралы.
2. Астана қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеті туралы.
3. Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
4. Астана қаласы мәслихаты төрағасының 2023 жылғы атқарылған жұмыс туралы есебі.
5. Астана қаласы қоршаған орта сапасының 2023-2027 жылдарға арналған нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы.
6. Астана қаласында 2025 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстау шығыстарының ең төменгі мөлшерін бекіту туралы.
7. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлік-

ті иеліктен шығару туралы шарттарының жобаларын келісу туралы.

8. «Астана қаласында тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2019 жылғы 23 тамыздағы №418/54-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

9. «Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 7 наурыздағы №155/19-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

10. «Астана қаласында студенттік жатақханалар салу» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі №223/27-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

11. Астана қаласы мәслихатының 2025 жылға арналған жұмыс жоспары туралы.

12. Қалалық мәслихаттың сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.

13. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

**Е.КАНАЛИМОВ,**  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

### АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылғы желтоқсанның бірінші онкүндігінде «Жастар саясатын жетілдіру, жастарды түрлі орталықтардың, бірлестіктердің, қоғамдастықтар мен қорлардың қызметіне белсенді тарту арқылы іске асырылатын жастар бағдарламаларының тиімділігін арттыру туралы» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-36, 55-66-35, әл. пошта: astana@maslihat01.kz

**Е.КАНАЛИМОВ,** Астана қаласы мәслихатының төрағасы

## ЕСКІ ҚҰРЫЛЫС СҮРІЛЕДІ

«Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институтының ғимаратында қалалық Қоғамдық кеңес мүшелерінің отырысы өтті. Онда елорданың 2035 жылға дейін бас жоспарын іске асыру барысы талқыланды.

«Астана бас жоспары» ҒЗЖИ бас директоры Руслан Жақыпов елордада реновация бағдарламасының іске асу барысымен таныстырды.

– Бас жоспарда ескі нысандарды сүру бағдарламасы қарастырылған. Сүрілген ескі объектілердің орнына әлеуметтік объектілер, тұрғын үйлер және көшелер салу жоспарланған. Жоба аясында 2035 жылға дейін шамамен 2 мың гектар жердегі ескі құрылысты сүру қарастырылған. Жұмыс кезең-кезеңімен іске асырылады, алғашында 494,2 гектар, екінші кезеңде 1019 гектар және үшінші кезеңде 465,6 гектар көлемде нысандарды сүру көзделген, – деді бас директор.

Айтуынша, елорданың бас жоспары аясында 2024-2030 жылдар аралығында 673 тұрғын үй объектісі, 201 білім беру және 131 коммерциялық нысан салынады. Сонымен қатар 337,2 шақырым жол, 333 шақырым инженерлік желі салынады және қайта жөнделеді.

### ҚАНША ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНАДЫ?

Қоғамдық кеңес мүшелерінің отырысы барысында «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ бас директоры қалада қанша тұрғын үй салына-тынын айтты.

– Бас жоспарда 43 мемлекеттік тұрғын үй, 20 жатақхана, 11 жалға берілетін тұрғын үй және 12 мемлекеттік кредиттік тұрғын үй салу көзделген. Оның ішінде 18 тұрғын үй объектісін 2025 жылы салу көзделіп отыр, – деді Руслан Жақыпов.



Одан әрі «Астана бас жоспары» мекемесінің басшысы жаңа өрт деполарының құрылысы жүргізілетінін жеткізді.

– 2030 жылға дейін 19 өрт депосын салу жоспарланып отыр. Оның ішінде 3 объекті құрылысы аяқталуға жақын, олар Үркер, Өндіріс және

Көкталда орналасқан. Сонымен қатар 2030 жылға дейін 5 өрт сөндіру бөлімі қайта жөндеуден өтеді және 1 өрт сөндіру стансасы мен оқу-жаттығу орталығы салынады, – деді ол.

Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспары былтыр қарашада талқылауға шығарылды. Жоспар негізінде келешекте кешенді дамуды, аумақты жоспарлы ұйымдастыруды, әлеуметтік және инженерлік-көлік инфрақұрылым жүйесі бағыттарын айқындау көзделген.

### КӘРІЗ СУЫН ТАЗАЛАЙТЫН ЖҮЙЕ САЛЫНАДЫ

Елордада кәріз жүйесін жетілдіру бағытында ауқымды шаралар жүзеге асырылып жатыр. Бұл туралы «Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институтының бас директоры Руслан Жақыпов мәлімдеді.

– Қалада тәулігіне 254 мың текше метр кәріз суын тазарту құрылысы жұмыс істейді. Бас жоспарда 2025 жылы тәулігіне 188 мың текше метр кәріз тазарту құрылыс жайын салу көзделген. Сонымен қатар сарқынды су техникалық сумен жабдықтауға, жасыл желекті суаруға және Есіл мен Нұра өзеніне бұру көзделіп отыр. Кешенді жоспарды іске асыру сапалы сумен қамту мен 126 шақырым су бұру желісін салуға және қайта құруға мүмкіндік береді, – деді Руслан Жақыпов.

Оның айтуынша, 2030 жылға дейін елордада су бұруға шамамен 500 млрд теңге қаражат қажет. Кейбір кәріз жүйелері өткен ғасырдың 70-80-жылдарынан бері жөндеу көрмеген. Сондықтан кәріз суын тазалайтын жүйе құрылысының салынуын бірауыздан қолдай келе, Қоғамдық кеңес мүшелері Астана келешекте тұрғындардың өмір сүруі үшін қолайлы әрі жайлы қала болуы керегін баса айтты.

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

## ҚОҚЫС ШЫҒАРУ ТАРИФІ ҚЫМБАТТАЙДЫ

Қалалық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында «Астана қаласының 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті туралы» қалалық мәслихаттың 2023 жылғы 14 желтоқсандағы №113/15-VIII шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі талқыланды.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша Астана қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев баяндама жасап, елорданың 2024-2026 жылдарға арналған бюджетін нақтылау Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 108-бабына сәйкес жүргізілгенін атап өтті.

– Астана қаласының 2024-2026 жылдарға арналған бюджетіне төмендегідей өзгерістер енгізуді ұсынамын: меншік кірістерінің түсімі бойынша жоспарды 24,1 млрд теңгеге ұлғайту, оның ішінде салық түсімдері бойынша жоспарды 18 млрд теңгеге, салықтық және түсімдер бойынша нақты түсімдер есебінен 5,3 млрд теңгеге және негізгі капиталдық сатудың түсімдері бойынша 1,1 млрд теңгеге ұлғайту ұсынылып отыр. Сондай-ақ санитария, абаттандыру, жарықтандыруды қамтамасыз етуге 5 ауданға 8 млрд 516 млн теңге сомасында қаражат қарастырылған. Оның ішінде Алматы ауданы әкімінің аппаратына – 2,7 млрд теңге, Байқоңыр ауданына – 996 млн теңге, Есіл ауданына – 4 млрд теңге, Нұра ауданына – 600 млн теңге және Сарыарқа ауданы әкімінің аппаратына 70 млн теңге көлемінде қаражат қарастырылды. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына қосымша 8 млрд 675 млн теңге бөлінді. Оның ішінде жергілікті деңгейде автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтерге



675 млн теңге, әлеуметтік маңызы бар ішкі жолаушылар тасымалын субсидиялауға 8 млрд теңге бөлінді, – деді басқарма басшысы.

Айтуынша, Энергетика басқармасына қосымша 5 млрд 603 млн теңге қарастырылуда. Оның ішінде жылу-энергетика жүйесін дамытуға 2 млрд теңге, жылу маусымын үздіксіз өткізу үшін отын сатып алуға, энергия өндіруші ұйымдардың шығындарын субсидиялауға 3,5 млрд теңге қарастырылды. Құрылыс басқармасына қосымша 2 млрд 856 млн теңге бөлінді. Оның ішінде №13 орта мектептің қосымша құрылысына 200 млн теңге, мемлекеттік органдардың объектілерін дамытуға 2,5 млрд теңге қарастырылды.

– Коммуналдық шаруашы-

лық басқармасына қосымша 400 млн теңге бөлінді. Оның ішінде «Астана су арнасы» атмосфералық жерүсті ағындарын бұруға және тазартуға 400 млн теңге қарастырылды. Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасына қосымша 2 млрд 973 млн теңге қарастырылды. Оның ішінде абаттандыруды дамытуға 2 млрд 728 млн теңге және жарғылық капиталды қалыптастыру немесе ұлғайтуға 245 млн теңге бөлінді. Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Астана қаласына 2024 жылға нақтыланған бюджетінің нақты көлемі 1 трлн 327 млрд 987 млн теңгені құрайды. Оның ішінде меншікті кірістер бойынша түсімдер 1 трлн 12 млрд теңге, трансферттер мен кредит-

тер 230 млрд 759 млн теңге, мемлекеттік бағалы қағаздар шығару 54 млрд 961 млн теңге және бос қалдықтар 29 млрд 83 млн теңге болды, – деді Қайсар Маңқараев.

Одан әрі Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлік дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов «Astana» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ даму қызметінің негізгі бағыттарына тоқталды. Көше саудасын ұйымдастыру, активтерді басқару, инвестициялық жобаларды іске асыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен бірге жоспарланған бағдарламалардың қатарында ескі тұрғын үйлерді жаңарту, жабық типтегі аялдама павильондары мен электр зарядтау станцияларын салу бар.

Қоғамдық кеңес отырысында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер туралы мәселе қозғалды. Бұл ретте Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов елордалықтардың 80 пайызға жуығы көпқабатты тұрғын үйлерде тұратынын айта келе, қалада қоқыс қалдықтарының көбеюін халықтың біртүтік пакеттерді қолдануымен байланыстырды. Қоқыс қалдықтары көбейгенмен, тариф осы уақытқа дейін өспеген.

«Бүгінгі таңда қоқыс шығару тарифі көптеген үйде тұратын бір адамға айына 390 теңге болса, Алматыда – 718 теңге, Қарағанды және басқа қалаларда да 500 теңгеден кем емес. Сондықтан тарифті де, соған орай қызмет ақысын да көбейткен дұрыс» деді басқарма басшысы.

Осыған орай, Дәулет Боранбайұлы абаттандырылған секторда тұратын жеке тұлғалар үшін – айына 1003 теңгеге дейін, абаттандырылмаған үйлердің тұрғындары үшін – 1067 теңгеге дейін, заңды тұлғалар үшін 3990 теңгеге дейін қоқыс шығару тарифтерін көтеру жобасын ұсынды. Бұл ретте жекелеген азаматтар үшін жеңілдіктер қарастырылған.

Қоғамдық кеңес мүшелері бағаның күрт өсуіне қарсы екенін жеткізді. Коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару тарифін кезең-кезеңмен өсіруді қолдай келе, олар дауыс беру арқылы бұл жолы қоқыс шығару тарифін тек 30 пайызға көтеру туралы ұсыныс білдірді.

## АҚЫЛЫ АВТОТҰРАҚ КІМДЕРГЕ ТЕГІН?

Бас қалада ақылы автотұрақ саны аз емес. Тұрақ аймағының шекарасында оларды тегін пайдалана алатын азаматтардың тобы да бар.

### Оларға мыналар жатады:

– «Алтын қыран» және «Халық қаһарманы» ордендерімен марапатталған тұлғаларға тіркелген көлік құралдары;

– «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I, II және III дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға тіркелген көлік құралдары;

– әскери қызметтен босатылған немесе әскери жиындарға шақырылған, Ауғанстанда және басқа да әскери іс-қимылдар жүргізілген басқа елдерде интернационалдық борышын орындаған, осы көлік құралдарын жүргізетін не осы көлік құралдарында жүрген азаматтарға тіркелген көлік құралдары;

– мүгедек балаларға, I және II топтағы мүгедек адамдарға, сондай-ақ мүгедек баланың заңды өкілдеріне тіркелген көлік құралдары;

– Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамдарға тіркелген көлік құралдары;

– тиісті тану белгілері, түсті-графикалық бояуы және жазулары бар шұғыл жедел қызметтердің (жедел медициналық көмек, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті) көлік құралдары;

– Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, атап айтқанда, ҰОС кезеңінде әрекет етуші армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілерге, сондай-ақ басқа мемлекеттер аумағындағы әскери қимылдардың ардагерлеріне және жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдарға тіркелген көлік құралдары.

Азаматтардың жеңілдетілген санаттары онлайн режимде мына сайт бойынша өтініш бере алады: astanapark.kz

Автотұрақ, тракторларды, өздігінен жүретін машиналарды және өлшемдері коммуналдық ақылы тұрақтардың тұрақ орындарының мөлшерінен асатын көлік құралдарын қоспағанда, механикалық көлік құралдарына ресімделеді. Бір пайдаланушыға екі көліктен артық емес тіркеледі. Бұл жәрдемақы ұсынылған медициналық анықтамалар бойынша мүгедектерге беріледі.



**Е**мханада үш отбасылық денсаулық орталығы, акушерлік-гинекологиялық, профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек, зертханалық бөлімшелер, күндізгі стационар ақылы қызметтер бөлімі, мамандандырылған соматикалық профиль, мамандандырылған хирургиялық профиль бөлімдері, сондай-ақ жедел медициналық жәрдем бөлімшесі мен функционалдық диагностика, оңалту және қалпына келтіру бөлімшелері жұмыс істейді.

Медициналық мекемеде білікті 157 дәрігер мен 242 орташа медициналық қызметкер және 32 кіші медициналық, тағы басқа 62 маман, барлығы 493 адам тіркелген тұрғындарға медициналық көмек көрсетеді.

– Мұнда алқаптық, жалпы тәжірибелік, сондай-ақ салалық дәрігерлер еңбек етеді. Атап айтсақ, емханамызда хирург, эндокринолог, травматолог, невропатолог сияқты мамандар жұмыс істейді. Сонымен қатар тұрғындарға стационарды алмастыратын көмек те көрсетіледі. Яғни науқастар ауруханаға жатпай, күндіз емханада емін алып, кешқұрым үйіне барып демалады, – дейді бас дәрігер.

Оның айтуынша, емхананы жақсы күрделі жөндеуден өткізгеннен кейін пациентке бағдарланған емхана құру үшін барлық жағдайлар жасалған. Онда пациенттерге барлық жағынан медициналық көмек көрсетіліп, жағдай жасалады.

– Жұмысты ұйымдастыру кезінде біз пациентке бағдарланудың негізгі принциптерін

## ЕМ АЛУҒА БАРША МҮМКІНДІК ЖАСАЛҒАН

Басы ауырып, балтыры сыздағанның бәрі емхана жағалап, дәрігердің көмегіне жүгінеді. Астана қаласында мемлекеттік тапсырыс аясында тұрғындарға ақысыз қызмет көрсететін емхананың бірі – №5 қалалық емхана. Емхана 57113 адамға қызмет етеді. Елорданың Ақан сері көшесі бойында орналасқан емханада емделушілердің келіп тексеріліп, ем алуына барлық жағдай жасалған. Емхананың бас дәрігері – Алтыншаш Табулдина.

### ЕРЕКШЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕ

Емханада медициналық көмекті ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын жақсарту үшін емхана кабинеттерінің орналасуы, логистика, бағыты жағынан барлық жағдайлар жасалған. Пациенттер мен емханаға келушілерді қарсы алып, бағыт-бағдар беріп, қолдайтын мекеменің ішкі сараптама қызметінің қызметкерлері «Дәрігер – пациентке» деген ұтымды қағидатты күнделікті жұмысы кезінде пайдаланатын жақсы дәрігердің, жақсы медициналық қызметкердің белгілері бойынша науқасқа бағдарланған тез, әрі сапалы жұмысы, медициналық көмекті мүмкіндігінше тез және тиімді көрсетуі әрқашан да нәтижелі болары сөзсіз. Ол ем алушының уақытын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді.

лық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандырылған. Екінші ғимаратта жүріп-тұру қиындықтары бар пациенттерді қарау үшін жеке кабинеттер ашылған. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін дәрігерлер ғана емес, бейінді мамандар да тексере алады. Осындағы қалпына келтіру және оңалту бөлімшесінде жарақаттан немесе аурудан кейін тірек-қозғалысы қиындаған пациенттер, мүгедектер және тағы басқа адамдар медициналық көмек алады. Қозғалу қиындықтары бар адамдар үшін емханада кресло-арбалар, жаяу жүргіншілер, жолаушылар лифті бар. Пациенттердің осы санатын сүйемелдеу үшін пациенттерді қолдау қызметінің қызметкерлері арнайы әлеуметтік қызметкерлерді шақыра алады.

Қазіргі кезде амбулаториялық-емханалық байланыс жүйесіндегі жұмыс кезектерді едәуір



дәрігерлер пациенттер үшін қолжетімді 6 сағаттық қабылдауын ұйымдастырады. Телефон қоңырауларына 4 санаттағы жеке мобильді бригадалар қызмет көрсетеді. Мобильдік бригаданың дәрігерлері Алғашқы медициналық-санитарлық көмек дәрігерлерімен тығыз жұмыс істейді, оларды шақырулар бойынша пациенттердің денсаулық жағдайы туралы хабардар етеді. Медициналық мекемеде уақтылы және сапалы медициналық көмек көрсету мақсатындағы осы қағидаттарды басшылыққа алған емхана жоғары медициналық білімі бар медикерлердің жекелеген қабылдауларын өткізіп жүр.

Егде жастағы пациенттерге ыңғайлы болу үшін геронтолог кабинеті «Б» корпусының бірінші қабатында орналасқан. Геронтолог кабинетінде дәрігердің жұмысына арналған компьютер, жұмсақ жиһаз, бой өлшегіш, таразы, сондай-ақ қажетті медициналық мақсаттағы бұйымдар – фонендоскоп, тонометр мен термометр, импульстік оксиметр сияқты қажетті жабдықтармен жабдықталған.

Емханада жүрек-қан-тамыр жүйесі және онкология аурулары бойынша тәуекел тобы ретінде 60 жастан асқан адамдарға жыл сайын мониторинг жүргізеді. Науқасы анықталған жағдайлар жалпы емханалық жиында талдау жүргізіледі – емдеуші дәрігер мен медбике емдеу-диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін баяндаған соң соған орай пациенттерді басқарудың одан әрі тактикасы, іс-шаралар жоспары белгіленеді.

Сонымен қатар, геронтолог қызмет көрсететін жауапты

лар осы топ аясындағы егде жастағы адамдардың медициналық-әлеуметтік жағдайын анықтап, олардың жас құрылымын, денсаулық жағдайын, әлеуметтік және психологиялық мәртебесін ескере отырып, олардың қозғалу және өзіне-өзі қозғалтуын жоғалтуға себепті жалпы мәртебесін, айқындап когнитивтік тапшылық дәрежесін және мазасыздық-депрессиялық синдромды бағалау, тағамның қолжетімділігін және тамақтану мәртебесінің жай-күйін бағалау, қозғалыс функциясы мен бұлшық ет күшінің күйін, жүрісін, өмір сапасын анықтап, соған орай медициналық қызмет көрсетеді.

### ЦИФРЛАНДЫРУ – САПАЛЫ ЖҰМЫС КЕПІЛІ

Медициналық қызметтердің сапасын арттыру электронды денсаулық сақтауды дамытуды және қағазсыз жұмыс процесіне көшуді талап етеді. Пациенттердің өмір сүру сапасын жақсарту және түбегейлі цифрлық медицинаға көшу үшін емханаға 2024 жылдың қазан айынан бастап «әлеуметтік әмиян» қосымшасы арқылы дәрілік заттармен қамтамасыз ету қызметі енгізілді. Дәрігер рецепті шығарғаннан кейін ол автоматты түрде әлеуметтік әмиянда пайда болады. Науқас дәріханаға келіп, рецепті басып, дәріханаға QR кодын ұсынады, ол оны сканерлейді және дәрі береді. Дәрі-дәрмекті алғаннан кейін пациентке бағалау функциясы, сондай-ақ қызметке түсініктеме беру және файлдарды тіркеу мүмкіндігі қолжетімді. Егер қызметке бағалау төмен болса, ресми шағымды Уәкілетті органға тікелей қосымшадан

жіберуге әбден болады. Жауап ретінде e-Order жүйесіндегі өтініштің тіркеу нөмірі келеді. Әлеуметтік әмиянның негізгі мүмкіндігі – олардың тиімділігі мен халықтың кері байланысы бойынша мемлекеттік қолдау шараларын саралау. Бұл азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға әсер ететін және отбасыларға қиын жағдайлардан шығуға көмектесетін шаралар жиынтығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жүйе халық теріс қабылдайтын және күтілетін нәтиже бермейтін бағдарламаларды анықтауына мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Астана қаласының емханаларында пациенттерді сәйкестендіру бойынша цифрлық тегістерді пилоттық режимде енгізді. Face ID пациенттерін сәйкестендіру тегістері Медициналық қызметке тіркелу мүмкіндігін төмендетуге мүмкіндік береді.

– Мен балалар көз дәрігері Мариям Қайыргеддиноваға үлкен алғысымды білдіргім келеді, дәрігер өте сауатты, баланы мұқият тексереді. Көптеген жылдан бері қаралып келеміз, өз ісінің маманы, керемет дәрігер, – дейді қала тұрғыны Аружан Галина.

Ал қала тұрғындары дәрігерлердің жауапты жұмысын аса ыждаһаттылықпен істегені үшін алғыс айтады.

– Мен гинеколог дәрігерге алғысымды білдіргім келеді. Наталья мен акушер Наргиз Жақсылыққызына жүктілігім кезінде жақсы қарағаны үшін алғысым шексіз. Олар маған әрқашан тиімді дәрі-дәрмектер мен дәрумендер тағайындады, кез келген мәселе бойынша кеңес беріп көмектесіп отырды. Олардың арқасында менің жүкті кезімді ауырмай, жақсы босанып алдым, қазір менің қызыма – 2 ай. Жұмыстарыңызға сәттілік, жақсы жалақы, мықты денсаулық пен бақыт тілеймін және өзім мен сәбиімнің денсаулығы үшін тағзым етер едім, – деді бізбен кездесуінде қала тұрғыны Адел Астанқызы.

Дәрігерлер болса, халық денсаулығы қашанда маңызды екендігін, сапалы қызмет көрсету – басты міндет екендігін айтады.

«Емхана алаңын тиімді пайдалану, пациенттің медициналық қызмет алуындағы күту уақытын қысқарту, емханада қызмет көрсету сапасын жоғарылату, дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлер арасындағы функционалдық міндеттерді біркелкі бөлу мен цифрландыруды енгізу, артық қол еңбегін жою – біздің негізгі мақсатымыз осы бағытта сараланады» дейді бас дәрігер Алтыншаш Табулдина.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



сақтауға тырыстық, тез, ыңғайлы, қажетті қызметті жасауға тырысамыз. Емханаға барған науқастарға қызмет көрсету сапасы жоғары болуына аса мән береміз. Дәрігер мен науқас арасындағы өзара түсіністік, сауығуға ниетті қарым-қатынас үнемі жемісті нәтижесін беруде, – дейді Алтыншаш Жұмашқызы бізбен әңгімесі кезінде.

Жалпы емханада диспансерлік есепте тұрған мүгедек бала, ересек адамдар барлығы – 11065, ересектер – 9869, балалар – 1196.

Емхананың бірінші қабатында арнайы кабинеттер амбулаториялық кезеңде шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті медициналық жабдықтары, дәрілік заттар мен медицина-

қысқартуға, тест тапсыруды жеделдетуге, учаскелік дәрігерге жазылуды жеңілдетіп, көптеген пациенттерге қызмет көрсетуге мүмкіндік беретіндей етіп құрылған. Бұл пациенттер мен медициналық қызметкерлердің уақытын үнемдеп, емханада мейірімділік атмосферасының салтанат құруына мүмкіндік береді. Осы мақсатта учаскелік

## КӨЗІЛДІРІК КИЕТІН БАЛА КӨБЕЙДІ

Қазіргі таңда балалар арасында көз аурулары көбейіп кетті. Елорданың бір емханасының өзіне 370 бала қос жанарына шағымданып келген. Оқушылар арасында қандай көз аурулары көбейді? Алдын алу үшін не істеу керек? Бұл туралы №8 қалалық емхананың балалар офтальмолог-дәрігері Жанна Абақаева айтып берді.

– Жанна Бәкіржанқызы, бүгінде айналымда көзділік киетін балалар неге көбейіп кетті?

– Электронды технологияның дамуы тұрмысымызды ғана өзгерген жоқ, денсаулығымызға да ықпал етіп отыр. Соның ішінде көз саулығына елеулі әсерін тигізді.

Балалар арасында ең жиі кездесетін көз ауруы – миопия. Яғни, бала алыстан көре алмайды. Бөлмеде жарық жеткіліксіз болса, үнемі бір затқа, мәселен, телефон, гаджет, ноутбук немесе кітапқа көзді тым жақын ұстай берсе, миопия пайда болады. Өкінішке қарай, балаларда және ересектерде

де бұл ауру көбейіп барады. Біздің емханамызға күніне орташа есеппен 30-40 бала келсе, соның 10 шақтысында миопия анықталады.

Көз ауруының тағы бір түрі – гиперметропия. Бұл – көз жанарының нашарлап, баланың жақыннан көре алмай қиналуы. Мұны ерте анықтап, уақыт өте келе түзетпесе, көру қабілеті нашарлауы мүмкін. Одан кейін балалар көбіне конъюнктивит ауруымен келеді. Көздің қызуаруы мен қышуы, көздің ішкі жағындағы қабықтың қабынуы бактерия, вирус немесе аллергия салдарынан болады. Көз ауруының астигматизм, амблиопия деген түрлері де бар.



– Балалар телефон, ноутбук, планшет сияқты құрылғыларды күн сайын қолданады. Дегенмен, ата-аналарға қандай кеңес айтасыз?

– Балаңыздың қос жанары сау

болсын десеңіз, экранға ұзақ уақыт қарауына шектеу қою керек. Үнемі үзіліс жасауын әрбір ата-ана қадағалаған жөн. Мұндайда 20-20-20 ережесін ұстану маңызды. Әр 20 минут сайын

экраннан 20 секундқа қарап, 20 қадам алға жүру қажет. Компьютерлік және мобильді құрылғылар көзге ауырталық түсіреді. Көздің құрғауы, көрудің бұлыңғырлығы және шаршау пайда болады.

– Көзге арналған қандай профилактикалық шаралар бар?

– Балаларға экраннан қорғайтын арнаулы көзілдірік әперу керек. Ауруды ерте анықтап, емдеуді бастау үшін үнемі көз дәрігеріне қаратып тұру маңызды. МӘМС шеңбері аясында тұрғылықты жеріңіз бойынша тіркелген емханаңызда балалардың көзін тексеру тегін жүргізіледі. Кез келген емханада соңғы үлгідегі аппараттар мен білікті офтальмологтар жұмыс істейді. Сонымен қатар көзге пайдалы дәрумендер мен минералдарды қамтитын тағамдарды жиі тұтыну керек. Көздің шаршауын болдырмау үшін экран алдында отырғанда 10-15 минут сайын көз жаттығуларын жасау өте пайдалы.





Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ**SCHOOLBOY НЕСІМЕН  
ТАРТЫМДЫ?**

Біз де Schoolboy Runaway жүктеп алып, ойынның мән-маңызын түсінуге тырыстық. Сюжеті қарапайым – мектепте нашар баға алған Андрей есімді оқушы үйден түрлі жолмен қашып кетеді. Әрине, үлгерімі төмен оқушыға ата-анасы не дейді, қалай қарайды? Сапалы білім ал дейтіні анық. Жүгінбесе, ұрысады, тіпті ұрады. Тығырыққа тірелген Андрейге досы Игорь хабарласып, серуендеуге шақырады. Алайда бос уақытын компьютерлік ойын ойнап, достарымен өткізуді қалайтын Андрейді ата-анасы геометрия оқулығын оқуды талап етіп, бөлмесіне қамап қояды. Ұйқамақтағы бала үлгерімін жақсартудың орнына қашып кетуге бел байлайды. Осы сәтте ойын басталады. Алдымен ойыншы әртүрлі жұмбақты шешуі міндет. Мысалы, ойыншы жабық есіктердің кілтін іздейді. Үйден қашу оңай емес, ұқыптылық пен сақтық керек, назарға ілікпей, жасырын қашу маңызды. Ойыншы үш рет ұсталса, ойын аяқталып, қайтадан басынан бастауға тура келеді.

Ойнаушылар кейіпкердің үйін аралап, ата-анасының кешкі ас дайындап жатқанын бақылай алады. Үйден қашудың 4-5 әдісін орындап болғаннан кейін, көлге батып кету тапсырылады.

Балалар психологы Айзат Ибрагимованың айтуынша, «Schoolboy Runaway» ойыны өзінің сюжеті мен сапалы анимациясымен жасөспірімдерді тартады. YouTube пен TikTok-тағы жарнамасы балаларды еріксіз ойынға әкеледі. Ойынның шығу уақыты кездейсоқ маусым айы таңдалмады. Өйткені оқушылар жазғы демалысқа шығып, онлайн ойындарға көп уақыт бөледі. «Мектептен қашып кету» сюжетінде ата-ана зұлым кейіпкер ретінде көрсетсе, бала жаздан құтылуға тырысатын – басты кейіпкер.

Schoolboy Runaway ойынының негізін Антон Шулигин қалады. Ресейдің Адыгея Республикасында компьютерлік ойынды шығарумен айналысатын жеке кәсіпкер ретінде тіркеліпті.

**Әлеуметтік желінің белсендісі, ұстаз Қожакеді Аманкелді:**

– Видеоойын шығаратын компаниялар адам мінез-құлқына әсер ететін психологиялық принципке негіздейді. Екіншіден, ойынның күрделілігі және табысқа жетуге керекті алғышарт ұсынады. Кейбір ойындар бір қолданушыға арналса, тағы бірі – көпшілік үшін құрылып, онда кейіпкердің дене қимылы, дауысы немесе басқа да құралдар арқылы қарым-қатынас орнатады. Көп қолданушыға арналған онлайн-рөл беріледі. Осындай тәсілдермен баланы қызықтырып, өзіне тәуелді етеді, – деп онлайн ойындарды адамдарды қалай қызықтырып, тартатынын түсіндірді.

**БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫНА  
ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?**

Онлайн ойындарда тапсырманың күрделілігін біртіндеп арттыру арқылы қауіп сезімін әлсіретіп, жасөспірімді отбасы мен достарынан оқшаулатып, смартфонда немесе компьютерде ұзақ уақыт отыруға себепкер болады. Нәтижесінде ойынға эмоционалды тұрғыда тәуелді болып, онлайн топтағы мәртебесін жоғалтудан қорқады. Ақыр аяғында күрделі тапсырмалар «қалыпты» деп қабылданып, өлімге әкелетін әрекеттерді орындауға әбден мүмкін. Мұндай ойындар баланы эмоционалды



# SCHOOLBOY RUNAWAY: ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ НЕНІ ДӘРІПТЕЙДІ?

Балаңыз үйіңізден жиі қашып кете ме? Онда смартфонда қандай ойын ойнайтынына мән беру маңызды. Қазір жасөспірімдер арасында танымал ойынның бірі – Schoolboy Runaway. 2024 жылдың 16 маусымда IOS және Android платформаларында, 1 тамызда Windows жүйесінде іске қосылған мобильді ойын қолданушыларының саны күн сайын артып келеді. Оның айқын дәлелі, бірнеше айда GooglePlay сайтында жасырын ойынды 10 миллионнан астам рет жүктеп үлгерді. Сөйтіп, атақты Көк кит пен Қызыл дельфиннің орнын басты.

жағдайына және әлеуметтік мінез-құлқына әсер етуі әр-келкі. Егер отбасында рухани тұрғыда сенімді қарым-қатынас болса, онда баланың әлеуметтік мінез-құлқына айтарлықтай әсер етпейді.

– Егер отбасында эмоционалды және физикалық зорлық-зомбылық бар болса, онда Schoolboy Runaway ойыны ата-анаға қарсы тұратын құрал ретінде қызмет етеді. Яғни бала ойынның кейіпкері ретінде сезіне бастайды. Әсіресе, өз-өзіне сенімділігі төмен балалар ойындағы кейіпкерлердің мінез-құлқын жақын қабылдайды. Адамдардың назарын өзіне аударуды ұнататын және ерекшеленуге ұмтылатын

Қызыл дельфинді, сондай-ақ Schoolboy Runaway тағы басқасының танымалдылығы артып, мыңдаған адамды өзіне байлап үлгерді. Мәселен, Steam онлайн ойындар платформасында 33,6 миллион адам ойын ойнайды екен. 2024 жылы әлем бойынша видеоойындар ойнаған адамдар саны 3,32 миллиардқа жетті. Schoolboy суицидтік тәуекелі бар ойындар сынды радикалды мазмұнға ие емес, бірақ ата-аналарды жағымсыз кейіпкер ретінде көрсетіп, балаларды үйден қашуға талпындырып, отбасылық құндылықты нашарлатады. Bully, Postal, Mortal Combat, Grand Theft Auto және тағы басқа ойындары әлемнің

көптеген елдерінде шектеу қойылды.

**Астана қаласы психологиялық қолдау орталығы басшысының орынбасары Марал Ибрагим:**

– Телефонның бала психикасына, оның ағзасына зияны көп. АҚШ-та жүргізілген сауалнама нәтижесінде америкалық жасөспірімдердің 54 пайызы өзін смартфонсыз өмір сүре алмайтынын мойындапты. 2010 жылдары Ұлыбритания мен АҚШ-та өзіне көңілі толмайтын жастардың саны күрт көбейді. Канадалық ғалымдар смартфондар мен әлеуметтік желіні көп пайдалану жастар арасында психикалық ауытқудың, ау-


тодеструктивті мінез-құлқ пен суицидтік әрекеттің көбеюіне әкеледі деп мәлімдеді. Сондай-ақ гаджеттер адамның ойлау жүйесіне, есіне сақтау қабілетіне кері әсер етеді. Көп жағдайда сабақ кезінде оқушы смартфонды керекті ақпарат іздеуге пайдаланады. Үнемі смартфоннан көз алмайтын бала айналасында не болып жатқанын аңғармай, ашушаң, тез ренжігіш болып, өзіне деген сенімділігі азаяды. Цифрланған қоғамда смартфонның рөлі артып, адамның негізгі құралына айналды. Сол себепті балаларға смартфонды тиімді қолданып, ондағы ақпаратты саралауды үйрету маңызды, – деді.

**ОЙЫННАН ОТ  
ШЫҚПАУ ҮШІН...**

Виртуалды әлемге қызығушылық танытудың жағымсыз салдары көп. Соның бірі – ойыннан от шығып, балалар өз-өзіне қол салуы мүмкін. 16 қыркүйекте Алматыда екі қыз көпқабатты үйден құлап, мерт болды. Оқушы қыздарды қайғылы жағдайға итермелеген «ойындар» деген болжам бар. Жасөспірімдерді ойынға тарту механизмі смартфон немесе Telegram-дағы ойын қосымшасы арқылы жүзеге асырылып, оларға тапсырма берген кураторы болды деген ақпарат шықты. Мұның рас-өтірігін қайғылы жағдайды болдырмау үшін ата-ана баласымен сенімді қарым-қатынас орнатып, қызығушылығын біліп, бос уақытын тиімді өткізуге жағдай қалыптастыруы маңызды.

– Тыйым салу мәселені шешпейді. Бала керісінше, өзінің сүйікті ойындарына қол жеткізудің басқа жолдарын іздейтін болады. Бастысы, ата-ана мен баланың арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату маңызды. Үнемі фильмдерді, кітаптарды және ойындарды талқылап, қателескен жағдайда, рухани демеу,

**P.S:** *Қауіпті онлайн ойындардың тартымдылығы – жасөспірімдердің психологиялық, әлеуметтік, технологиялық аспектісін ескеріп, наразылығын білдіретін, қиялындағы ортасын құруға мүмкіндік береді. Алдын алудың бір ғана жолы бар – ата-аналар баласына қауіпсіз цифрлық орта құруға мән беру керек. Мамандардың ортақ пікірі осыған саяды.*



**ЦИФРЛЫ ДӘУІРДЕ СМАРТФОН БАЛАЛАРДЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛШЕГІНЕ АЙНАЛЫП, «СУИЦИДТІК» ОНЛАЙН ОЙЫНДАР ҚАУІПТІ РАДИКАЛИЗМГЕ АЙНАЛДЫ. STEAM ОНЛАЙН ОЙЫНДАР ПЛАТФОРМАСЫНДА 33,6 МИЛЛИОН АДАМ ОЙЫН ОЙНАЙДЫ ЕКЕН. 2024 ЖЫЛЫ ӘЛЕМ БОЙЫНША ВИДЕООЙЫНДАР ОЙНАҒАН АДАМДАР САНЫ 3,32 МИЛЛИАРДҚА ЖЕТТІ**

жасөспірімдер ойыннан шабыттанады. Жазалау қорқынышы баланың психикалық денсаулығына теріс әсер етеді, – деп түсіндірді Айзат Ибрагимова.

Цифрлы дәуірде смартфон балалардың ажырамас бөлшегіне айналып, «суицидтік» онлайн ойындар қауіпті радикализмге айналды. Атақты Көк кит пен

Шапағат  
ӘБДІП

## ОТАН – ШАҢЫРАҚ, ӘСКЕР – УЫҚ

Қазір баяғыдай Онон өзенін бойлап, Орхон суын жайлап, Аспан таудан Отпан тауға дейінгі аумақты қыстау, Қарақорымнан Қара Ертіске дейінгі жерді жайлау қылып, тұлпар мініп, ту алып, айбалтасын айдың нұрына суарып жататын заман емес.

Кешегі бабаларымыздың еңкеу жер шалып, егеулі найза қолға алып жүріп қорғаған жерін тек ғылым мен озық технологияның тілін меңгеріп сақтап қалатын кез келді. Мұндайда мұздай қаруланған әскерінің айбынымен елінің іргесін күзетіп, сақтық жасамасаң, құр сөзге құр да селт етпейтіні анық. Мемлекет – шаңырақ болса, әскер – уық. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздігінің қалқаны, тыныштығының күзетшісі – кез келген талаптарға сай заманауи, жауынгерлік дайындығы жоғары әскері ғана.

### АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ НЕГЕ ҮЙРЕТЕДІ?

Бүгінгі таңда Тәуелсіз Қазақстанның әскері де әлсіз емес. Оның үстіне бабаларымыздың рухын балаларымыздың бойына сіңіру мақсатында Қазақстанның барлық мектептерінде 10-11 сыныптарда алғашқы әскери және технологиялық пәні оқытылады. Пәннің басты мақсаты – оқушыларды әскери іс, қорғаныс, алғашқы әскери дайындық, сондай-ақ техникалық және технологиялық дағдылармен таныстыру болып саналады.

Ал Астана қаласы әкімдігінің №77 мектеп-гимназиясының алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Жүніс Муқшев пәннің бағдарламасы жастарды патриотизмге тәрбиелеп, оларды өмірлік маңызды дағдылармен қаруландыруды көздейтіндігін айтады.

– Біз оқушыларды әскери қызметке алдын ала дайындау мақсатында осы пәннен сабақ береміз. Мұнда оқушылар теориялық білім мен практикалық дағдыларды қатар игереді. Сондықтан оныншы және он бірінші сыныптарда ер балалар мен қыз балаларға бірыңғай сол пән оқытылады. Жылына жалпы 98 сағат бөлінеді. Ал оныншы сыныптарға аптасына бір рет 34 сағат және 30 сағат әскери далалық жиын өткізіледі.

Сабақ барысында оқушыларды тактикалық және саптық дайындықтардан өткіземіз. Және оларға қару-жарақпен қалай жұмыс жасау керек екендігін де түсіндіреміз. Бұл, шын мәнінде, оқушылардың әскерге бармағаны болмаса, негізгі сабақтар сол әскери пәннің сабақтары. Сондықтан бізден оқып шыққан балалар әскерге барғысы келіп тұрады. Әскерге бару – ол азаматтарды ауыр жұмысқа салу немесе қинап тәрбиелеу емес. Ол – абыройлы міндет. Сондықтан біздің жастарымыз одан қашпауы керек. Керісінше кез келген уақытта әскерге баруға дайын болуы керек, – дейді Жүніс Шамиханұлы.

### ӘСКЕРИ ТӘРТІП ҚАНДАЙ?

Жыл сайын елімізде 18-27 жас аралығындағы денсаулығы жарамды жігіттер міндетті түрде әскерге шақырту алады. Осылайша шақырту алған әрбір азамат Ата Заңға сәйкес Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарына қабылданып, елдің тыныштығын күзету үшін әскери ант беріп, соған лайық борышын өтейді. Міне, сондай Отан үшін отқа түсетін оғандарды тәрбиелеп

шығатын жердің бірі – елордадағы Ұлттық ұланның 5573 әскери бөлімі. Онда еліміздің түкпір-түкпірінен келген сарбаздар Отан алдындағы борышын өтеуде. Оларға жүктелген міндет жеңіл емес екенін де аңғаруға болады. Сарбаздар үшін әрбір минут сәйкес Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарына қабылданып, елдің тыныштығын күзету үшін әскери ант беріп, соған лайық борышын өтейді. Міне, сондай Отан үшін отқа түсетін оғандарды тәрбиелеп



Жыл сайын елімізде 18-27 жас аралығындағы денсаулығы жарамды жігіттер міндетті түрде әскерге шақырту алады. Осылайша шақырту алған әрбір азамат Ата Заңға сәйкес Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарына қабылданып, елдің тыныштығын күзету үшін әскери ант беріп, соған лайық борышын өтейді. Міне, сондай Отан үшін отқа түсетін оғандарды тәрбиелеп шығатын жердің бірі – елордадағы Ұлттық ұланның 5573 әскери бөлімі



Одан таңғы асқа барады. Одан сағат 12:50-ге дейін арнайы сабақ кестесі бойынша сабақ өтіледі. Одан кейін қызметке дайындық басталып, 13:30-да жеке құрам қызметке дайындала бастайды. Әскери формаларын киіп болғасын жауынгерлік есеп оқылып, кім қай ауданда, кіммен жүретіні туралы ақпарат алады. Сосын қызмет барысында сарбаздарға тәрбие сабағы беріледі. Одан кейін түске асқа барып келеді де, 16:40-та жауынгерлік бұйрық беріледі. Бұйрықты алғасын бәрі өз міндетін атқаруға жолға шығады. Сөйтіп, түнгі сағат 23:00-ге дейін қаланың тыныштығын сақтау мақсатында қызметте болады. Егер осы уақыт аралығында олардың денсаулығында қандай да бір қалыпсыздық байқалса, онда оған дәрігер шақырылып, бірден керекті көмек беріледі. Әрі далада жүретін болғандықтан, нан шайлары да беріліп отырады. Ал қыстың күні 60 градусық суыққа дейін шыдамды киіммен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, мұндағы сарбаздарға әскери тәртіптен бөлек, әскери қызметтік міндеттер де жүктеледі. Сондай-ақ сарбаздарға жеке-жеке қызметтік міндеттер бекітіледі. Сол бойынша сарбаздар өз бөлімшесінде арнайы тапсырмалар орындайды. Тапсырмаға қару-жарақтың жағдайын тексеру, тұрған орындарының тазалығын сақтау, әскери техникамен жұмыс істеу сияқты жұмыстар жатады. Бұдан бөлек, әскерде әр сарбаздың жеке жұмысы мен жеке уақыты болады. Бұл кезде олар өздерімен қатар басқа да қоғамдық жұмыстарды орындап, демалуға мүмкіндік алады. Кейде бұл уақытта сарбаздар жеке өздерінің оқуға, дайындыққа немесе бос уақытын өзінің шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге пайдалана алады, – дейді рота командирі.

Біз барғанда сарбаздарға саптық дайындық өткізіп жатты. Әрине, рота командирінің қазақша берген нұсқаулығы бойынша сарбаздар оңда, солға бұрылып, алдыға қадам басып, өздерінің күнделікті жасап жүрген машықтарын жасауға көшті. Осы орайда бізде әскери терминдердің аудармасы қалай? Ұлттық ұлан сарбаздарына команда қай тілде беріледі деген сұрақты бірінші батальон командирінің тәрбие және әлеуметтік құқықтар жөніндегі орынбасары, капитан Айқын Амантаевқа қойдық.

– Әрине, біз әскери қызметкер болғандықтан, бірінші кезекте Қазақстан Республикасының әскери Жарғыларының тәртібі мен міндеттерін сақтауды қатаң көзде ұстанамыз. Екіншіден, Заңмен бекітілген ережелер артық біз ештеңе істей алмаймыз. Яғни, кейбір әскери терминдер аудармасының тілге жатық келмейтін тұстары жайында тіл ғалымдары болмаса қоғамдағы басқа бір адамдар айтқанмен, біз оны сол адамдардың сөздерінің негізінде пайдалана алмаймыз. Өйткені біздің біртұтас бекітілген әскери термин немесе команда беру қағидамыз қалай тұр, біз соны солай атқарамыз немесе орындаймыз, соған сәйкес команданы да қазақша береміз, – дейді Айқын Ролланұлы.

### ҰЛТТЫҚ ҰЛАНДА ҰЛТТЫҚ ҰРАН ӘЛСІЗ БЕ?

Алайда осында біздің назарымызды аударған бір дүние, біріншіден, әскерлерге бұйрықты қазақша беріңіз деп өтініш етуіміз арқылы орындалғаны, екіншіден, біздің алдымызда қазақша пәрмен бергенмен басқа саптағы рота командирінің раз, два, три деген пәрменмен айғайлап кетіп бара жатқаны болды. Әрине, мұнда қазақ әскері болғандықтан, оларға бұйрықтың қандайда бір түрі болсын, үшінші тараптың талап етуінсіз-ақ, тек қана қазақша берілуі тиіс емес пе? Әлде орысша берілмесе, сарбаздарға түсініксіз болып қала ма? Жоғарыдағы раз, два, три дегенді бір, екі, үш деп айтса несі кетер еді?

Шын мәнінде қазақ әскері қазақ тілінде, ұлт сарбаздары өз ұлтының үнінде сөйлеуі әскери борыш өтегенмен бірдей міндет болуы тиіс-ақ. Әрі әскери қызметкер өз ұлтының тілінде сөйлесін деген тақырып бүгін ғана көтеріліп отырған жоқ. Бұл мәселені сонау Алаш Орда үкіметі кезінде арыстарымыз да көтеріп, әскери терминология жасап, орысша терминдерді қазақшалаған. Оған 1926 жылы Қызылордадан басылып шыққан «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» деген кітап дәлел бола алады. Әрі бұл еңбек ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдары Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ресми бекітіп, алғаш басылып шыққан терминологиялық сөздіктердің бірі болып саналады. Сайып келгенде, біздің де күткеніміз сол Ұлттық ұландарымыздың үнінен де, түрінде де қазақшылтық иісі бұрқырап тұрса, Қазақстан Республикасы әскерінің айбынына айбын қосар еді деген тілек. Өйткені ұлттымыздың да, рухымыздың да діңінің тамыры – ел қорғар азаматтарымыздың тіліне байланып тұр.

### САРБАЗДАРДЫҢ ҮЛЕСІ БАР

Ал елордадағы Ұлттық ұлан сарбаздарының қаламыз үшін де, халқымыз үшін де сіңіріп жатқан еңбегі аз емес. Атап айтар болсақ, астанамыздағы биылғы өткен ШЫҰ Саммиті мен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті күшейтуге, табиғи сипаттағы төтенше жағдай кезінде су тасқынына қарсы және іздеу-құтқару іс-шараларына белсене қатысты.

Сондай-ақ аумақтық полиция және Ұлттық қауіпсіздік органдарының күштік қолдауымен қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін, оның ішінде ІІМ және ҰҚК Орталық аппараттарымен бірлесіп, арнайы операциялар жүргізуге де өз көмектерін тигізіп келеді.





## СУРЕТКЕРДІҢ СЫРШЫЛ ӘЛЕМІ

Бейсенбі күні елордада көрнекті театр және кино режиссері, Қазақстанның Халық әртісі, өнертану профессоры Талғат Теменовтің шығармашылығына арналған «Теменовтің суреткерлік әлемі» атты өнер күндері ашылды. Белгілі өнер иесінің 70 жас мерейтойына арналған іс-шараны Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Музыкалық жас көрермен театры ұйымдастырды.

Ресми бөлімде Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің құттықтау хатын қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов оқып берді.

«Құрметті Талғат Досымғалиұлы! Сізді 70 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Сіздің өнер мен мәдениет саласындағы баға жетпес еңбегіңіз, ұлт руханиятын дамытудағы айрықша үлесіңіз әрдайым жоғары бағаланады. Сіз саналы ғұмырыңызды өнер мен шығармашылыққа арнап, талай талантты шәкірт тәрбиелеп, халқымыздың рухани байлығын еселеуге үлкен үлес қостыңыз. Шығармашылығыңыз бен еңбектеріңіз елдің жүрегіне жол тауып, ұлттық мәдениетіміздің алтын қорынан орын алды. Жеткен жетістіктеріңіз ұрпаққа үлгі, жас өнерпаздарға шабыт сыйлайды. Ел игілігі жолындағы еңбегіңіз жемісті, мерейіңіз әрдайым үстем болсын!» делінген қала әкімінің құттықтауында.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов та құттықтау хатын жолдады.



Тарих ғылымдарының докторы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Сенат депутаты Дархан Қыдырәлі мектеп оқушысы кезінде оқыған Талғат Теменовтің «Гүлназ» повесінен алған әсерін әңгімелей келе, шығармашылығындағы ерекшеліктерге тоқталды.

Өнер күндерінің ашылуының алдында «Талғат Теменов фильмдерінің эстетикасы» атты

шығармашылық кездесу өтті. Белгілі театртанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Жусбек жүргізген іс-шара көрермендердің, жастардың режиссермен сыр-сұхбатына айналды. Талғат Теменов ұстазы Асқар Токпанов туралы әңгімелеп, кино өнеріне келуіне театр және кино тарланы Нұрмұхан Жантөрин мен көрнекті жазушы-драматург Оралхан

Бөкей әсерін тигізгенін айтты. Өнер және қоғам туралы пікірлерін жеткізді. «Мосфильмде» кино түсіруіне ұстазы Сергей Соловьев пен атақты актер, режиссер Ролан Быков себеп болғанын жеткізді. Қазақстанның Халық әртісі Гүлжан Әпетова Талғат Теменовтің адами болмысы туралы, бірге жұмыс істеген кездерді әңгімелейді. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының қызметкері Әсем Шапай режиссердің өнерге бергені туралы толғанды. Іс-шара Талғат Теменов сахналаған У.Шекспирдің «Отелло» трагедиясымен жалғасты.

Өнер күндері үш күнге жоспарланған. Кеше «Т.Теменов фильмдеріндегі көркем бейнелер» атты шығармашылық кездесу өтіп, В.Ежовтың «Тыраулап ұшқан тырналар» лирикалық драмасы көрсетілді. Ал бүгін «Т.Теменов фильмдеріндегі рухани құндылықтар» атты шығармашылық кездесу ұйымдастырылып, суреткер салтанаты Ш.Айтматовтың «Қызыл ормалды шынар» лирикалық драмасымен жабылады.



## БАЛА ҚАНЫШТАН – ДАРА ҚАНЫШҚА

Кеше Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театрында «Бала Қаныш» қойылымының премьерасы өтті. Балаларға базарлық ретінде ұсынылған туынды ғұлама ғалым, Қаз КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және тұңғыш президенті, академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына арналды. Қойылым авторы – Қуат Ежембек, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Құралай Ешмұратова.

«Бала Қаныш» қойылымының мақсаты – Қаныш Имантайұлының есімін ұлықтау, ғалымның еңбегін насихаттау, бала Қаныштың балалық шағын дәріптеу, өскелең ұрпақты ғылым, білім, өнерге баулу.

Қойылым мультимедиялық дәріс түрінде ұсынылды. Яғни танымдық сипатта өрбіді. Онда Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен еңбегі туралы әртүрлі мәліметтерді академиктің шәкірті, мұғалім-профессор әңгімелейді. Сондай-ақ сахнадағы экраннан деректер берілді. Мәселен, Семей мұғалімдер семинариясында оқығаны, онда Жүсіпбек Аймауытұлы, басқа да Алаш арыстарының тәрбиесін көргені, Ұлытаудан Әмір Темір тасқа қашап жаздырған жазуды тапқаны, музыка зерттеушісі Александр Затаевичке қазақтың 25 әнін бергені, геолог М.Усовтың әсерімен Томск

технологиялық институтына оқуға түскені, «Едіге» жырын зерттегені т.б. мәліметтер қамтылды.

Ал қойылым, негізінен, белгілі адамдар да бала болғанын, олар да асық ойнап, доп теуіп, алаңсыз балалық шақты бастан өткергенін сипаттап, Қаныш Сәтбаевтың бөлек табиғаты мен болмысын дәріптейді. Оның кішкентайынан қоршаған ортаға, тау-тасқа құмар болып, нәтижесінде бала Қаныштан дара Қанышқа айналғанын көрсетеді.

«Бала Қаныш» қойылымы балаларды әсерлендірді. Бұл 2-сынып оқушылары Еркебай Хайрулла мен Аңсар Ғалымбектің сөздерінен байқалды. «Қойылым қатты ұнады. Болашақта Қаныш Сәтбаевтай зерттеуші болғымыз келеді. Өзіміз де далада жақтан тастарды жинауды жақсы көреміз» дейді балдырғандар.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

## ИСАБЕКОВКЕ ТАҒЫЛҒАН ИСПАН ОРДЕНІ

Ұлттық академиялық кітапхананың Конституция залында елордадағы «Фолиант» баспасының директоры Нұрлан Исабековті Испания Корольдігінің Католиктік Изабелла орденімен марапаттау рәсімі өтті.

Салтанатты іс-шараға қазіргі классик жазушы Төлен Әбдік, танымал ғалым-жазушы Қойшығара Салғараұлы қатарлы ірі тұлғалармен қатар ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан, қоғам қайраткері Дархан Мыңбай, жазушы, аудармашы Өтен Ахмет сияқты зиялы қауым өкілдері мен шетелдік қонақтар қатысты.

Ал салтанатты шара барысында Испания Корольдігінің Қазақстандағы Елшісі Луис Франсиско Мартинес «Фолиант» баспасының директоры Нұрлан Сәрсенбіұлына Испания Корольдігінің Католиктік Изабелла ордені табыс етті. Нұрлан Исабеков болса, елшінің иығына қазақы шапан жауып құрмет көрсетті. Сонымен

бірге Ұлттық академиялық кітапханаға «Фолиант» баспасы мен Испания Елшілігі 1000 кітап сыйға тартты.

Іс-шара тізгінін ұстаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, көрнекті жазушы Әлібек Асқаров Нұрлан Исабековке тағылған Католиктік Изабелла орденінің – ғылым, мәдениет және білім саласындағы халықаралық деңгейде елеулі жетістіктерге қол жеткізген тұлғаларға берілетін жоғары марапаттардың бірі екенін атап өтті. Өрі бұл марапат – Нұрлан Исабековтің баспа саласына сіңірген еңбегінің халықаралық деңгейде танылуы және Қазақстан мен Испания арасындағы мәдени және әдеби байланыстарды нығайтуға қосқан үлесінің нәтижесі екендігіне тоқталды.



## «Моана 2» қазақша сөйледі

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдастыруымен елордада Disney студиясының «Моана 2» анимациялық фильмінің қазақ тіліндегі тұсаукесер көрсетілімі өтті. Көрсетілімге елімізге танымал тұлғалар, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер мен депутаттар, дубляж актерлары мен блогерлер, БАҚ өкілдері қатысты.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Фильмдерді түрлі елдерге бейімдеп, дубляждау – Disney компаниясында бұрыннан қалыптасқан үрдіс. Disney жыл сайын әр фильмнің түрлі тілдердегі 30-ға жуық нұсқасын дайындайды. «Қазақ тілі» қоғамының ұйытқы болуымен биылдан бастап ірі халықаралық студиялар әлемдік премьераларын қазақ тілінде ұсына бастады. Осы бастама



аясында Disney студиясы биыл «Ойжұмбақ 2», «Моана 2», «Муфаса. Арыстан патша» деп аталатын үш фильмін қазақ тіліне аударып, дубляж жұмыстарын қаржыландырды.

Фильм кейіпкерлерін қазақ тілінде сөйлеткендер: қазақстандық әнші Назима, ол Моананың барлық әнін орындайды. Моана Құралай Өтепованың дауысымен сөйлейді. Актриса Айнур Болат – Моана мен Мауиге қатер төндіретін Матангиді дыбыстады, ал Матангидің әндерін Гауһар Өмірзақова орындады. Қобыланды Болат алпамсадай жартылай құдай Мауиді дыбыстады. Бақытжан Әлпейіс – «күңкілдек бағбан» және Моананың тобының мүшесі Келені «сөйлетті». Қазақ

тіліндегі дубляж режиссері – Шах-Мұрат Ордабаев. Музыкалық жетекші – Анель Сіргебаева.

Фильм режиссері – кіші Дэйв Деррик, музыка авторы – «Грэмми» сыйлығының жүлдегерлері Эбигейл Барлоу мен Эмили Беар, «Грэмми» номинанты Опетайя Фоая мен үш дүркін «Грэмми» жүлдесінің иегері Марк Манчина.

– Қазақ тіліне аударылып жатқан фильмдерді кеңінен насихаттап, кинотеатрларға барып, қазақ дубляжын қолдауға шақырамыз. Әлемдік студиялардың қазақ тілді ортаның қызығушылығын ескеріп, туындыларын өз есебінен аударып, ұсынуы – біз үшін өте жақсы жаңалық. Биылғы әлемдік премьералардың қазақ тіліндегі

аудармасы бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткіштерге жетті. Қазақша кино қарауға ықпалы қауымның көбейгені анық байқалды. Алдағы уақытта танымал туындылардың қазақ тіліне аудару дәстүрі жалғаса береді. Бұл тіліміздің, әсіресе, балалар мен жастар үшін тартиымдылығын арттыруға және кеңінен таратуға бағытталған тиімді тәсіл деп санаймын, – дейді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлы.

28 қарашадан бастап «Моана 2» анимациялық фильмі кинотеатрларда қазақ тілінде көрсетілуде. Фильмнің қазақ тіліндегі дубляжы қазақстандық Movie Dalen студиясында жасалды.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №143

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР